

ФИЛОСОФИЯ

FTAMP 13.07.25

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2024.2-08>

Н.О.ЖАНЫКУЛОВ¹ , Т.К.ДОСАЛИЕВ² , Ш.СЕЙІТХАНҰЛЫ³ 

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, PhD. (Түркістан, Қазақстан), e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, оқытушы. (Түркістан, Қазақстан), e-mail: timur.dossaliyev@ayu.edu.kz

³Бурса Ұлудаг университетінің докторанты (Бурса, Түркия), e-mail: shynarbek20@gmail.com

МАРТИН ХАЙДЕГГЕРДІҢ ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫҚ ӨЛІМ АНАЛИЗІ ЖӘНЕ ДАЗАЙН

Андатпа. Философия тарихында өлім тақырыбы, әр кезеңде философтар мен теологтарды мазалап келген және оған байланысты жүктелген мағыналар мен анықтамалар әр кезеңде әртүрлі көрініс тапқан. Өлімге қатысты ізденістер философиямен шектеліп қана қоймай, дін, әлеуметтану, психология, әдебиет сияқты басқа да ғылым салалары айланысып, көптеген зерттеулер жасаған және бұл зерттеулер бұдан кейін де жалғасатын таппақ. Себебі, экзистенциалды феномен ретінде өлім - адамзат ой-санасынан ажырамайтын ең маңызды ұғымдардың бірі. Біз бұл зерттеуде тақырыпқа арқау болған өлім ұғымының герменевтикалық көзқарас негізінде талдаудың қаншалықты мүмкін болатынын және осы тәсілдің нәтижесінде қандай нәтижелерге қол жеткізуге болатынын қарастырамыз. Зерттеу жұмысы экзистенциялистік философияның белді өкілі болған Мартин Хайдеггердің көзқарастары бойынша қолға алынады. Хайдеггер өлімді дазайннің (бар болудың) өмір сүруін айқындайтын және өмірге мән бітіретін құбылыс ретінде қарастырады. Хайдеггер өмірдің тұтастығы мен мағынасын қамтамасыз ететін өлім құбылысын «уақыт» категориясымен байланыстыра отырып ашықтауға тырысады. Осы тұрғыдан алғанда «уақыт» категориясы дазайннің болмысын ашуда және оның өлімге қатынасын түсінуде үлкен маңызға ие. Сондай-ақ зерттеу жұмысында Хайдеггердің дазайн және өлім анализін талдау, талқылау, түсіну және түсіндіру барысында герменевтикалық және феноменологиялық әдістерге жүгіндік.

Кілт сөздер: Хайдеггер, өлім, дазайн, дін философиясы, экзистенциализм.

N.O.Zhanykulov¹, T.K.Dosaliyev², Sh.Seitkhanuly³

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, PhD., Senior Lecturer (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Lecturer (Kazakhstan, Turkestan), e-mail: timur.dossaliyev@ayu.edu.kz

³Doctoral Student of Bursa Uludağ University (Bursa, Turkey), e-mail: shynarbek20@gmail.com

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Н.О.Жаныкулов, Т.К.Досалиев, Ш.Сейітханұлы. Мартин Хайдеггердің экзистенциалдық өлім анализі және дазайн // НІКМЕТ. – 2024. – №2 (2). – Б. 37–49.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2024.2-08>

*Cite us correctly:

Н.О.Жаныкулов, Т.К.Досалиев, Ш.Сейітханұлы. Мартин Хайдеггердің экзистенциалдық өлім анализі және дазайн // НІКМЕТ. – 2024. – №2 (2). – Б. 37–49.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2024.2-08>

Мақаланың редакцияға түскен күні 06.12.2024 / қабылданған күні 23.12.2024

Martin Heidegger's Existential Analysis of Death and Dasein

Annotation. In the history of philosophy, the concept of death, the meanings and definitions that pursued philosophers and theologians at every stage of development and which were imposed in connection with this, were reflected differently in each period. The search for death was not only limited to philosophy, but also to other fields of science such as religion, sociology, psychology, literature, numerous studies have been conducted, and these studies will continue in the future. This is because death as an existential phenomenon is one of the most important concepts inseparable from the human mind. In this study, we will look at how possible it is to analyze the concept of death underlying the topic based on a hermeneutical approach and what results can be achieved as a result of this approach. The research work is conducted according to the views of Martin Heidegger, who was a prominent representative of existential philosophy. Heidegger considers death as a phenomenon that defines the existence of Dasein (being) and gives meaning to life. Heidegger strives for openness, linking the phenomenon of death with the category of "time", which ensures the integrity and meaning of life. From this point of view, the category of "time" is of great importance in revealing the existence of Dasein and in understanding his attitude to death. Also in our research work, we turned to hermeneutical and phenomenological methods in the course of analyzing, discussing, understanding and interpreting Dasein's analysis and Heidegger's death.

Keywords: Heidegger, death, Dasein, Philosophy of religion, existentialism.

Н.О.Жаныкулов¹, Т.К.Досалиев², Ш.Сейітханұлы³

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, PhD., старший преподаватель (Казахстан, Туркестан), e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, преподаватель (Казахстан, Туркестан), e-mail: timur.dossaliyev@ayu.edu.kz

³Докторант университета Бурса Улудаг (Бурса, Турция), e-mail: shynarbek20@gmail.com

Экзистенциальный анализ смерти Мартином Хайдеггером и дазайн

Аннотация. В истории философии понятие смерти, значения и определения, которые преследовали философов и теологов на каждом этапе развития и которые были навязаны в связи с этим, по-разному отражались на каждом периоде. Поиски смерти не только ограничивались философией, но и другими областями науки, такими как религия, социология, психология, литература, были проведены многочисленные исследования, и эти исследования будут продолжаться в будущем. Это потому, что смерть как экзистенциальный феномен - одно из самых важных понятий, неотделимых от человеческого разума. В этом исследовании мы рассмотрим, насколько возможен анализ концепции смерти, лежащей в основе темы, на основе герменевтического подхода и каких результатов можно достичь в результате этого подхода. Исследовательская работа ведется согласно взглядам Мартина Хайдеггера, который был ярким представителем экзистенциальной философии. Хайдеггер рассматривает смерть как явление, определяющее существование Дазайна (бытия) и придающее смысл жизни. Хайдеггер стремится к открытости, связывая явление смерти с категорией «времени», обеспечивающей целостность и смысл жизни. С этой точки зрения категория «время» имеет большое значение в раскрытии бытия Дазайна и в понимании его отношения к смерти. Также в исследовательской работе мы обратились к герменевтическим и феноменологическим методам в ходе анализа, обсуждения, понимания и интерпретации анализа Дазайна и смерти Хайдеггера.

Ключевые слова: Хайдеггер, смерть, Дазайн, Философия религии, экзистенциализм.

N.O.Zhanykulov¹, T.K.Dosaliyev², Sh.Seitkhanuly³

¹Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Dr. Öğretim Görevlisi (Kazakistan, Türkistan), e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

²Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Öğretim Görevlisi (Kazakistan, Türkistan), e-mail: timur.dossaliyev@ayu.edu.kz

³Bursa Uludağ Üniversitesi Doktora Öğrencisi (Bursa, Türkiye), e-mail: shynarbek20@gmail.com

Martin Heidegger'in Varoluşsal Ölüm Analizi ve Dasein

Özet. Felsefe tarihinde ölüm konusu, her dönemde filozoflar ve teologlar için önemli bir sorun olmuş ve bu konuya yüklenen anlamlar ve tanımlamalar her dönemde farklı şekilde yansımıştır. Ölüm üzerine yapılan araştırmalar yalnızca felsefe ile sınırlı kalmayıp, din, sosyoloji, psikoloji ve edebiyat gibi diğer bilim alanlarında da incelenmiş ve bu araştırmalar gelecekte de devam edecektir. Çünkü varoluşsal bir fenomen olarak ölüm, insan düşüncesinden ayrı düşünülemeyecek en önemli kavramlardan biridir. Bu çalışmada, ele alınan ölüm kavramının hermenötik bir yaklaşımla analiz edilmesinin ne kadar mümkün olduğu ve bu yöntemle hangi sonuçlara ulaşılabileceği incelenmektedir. Araştırma, varoluşçu felsefenin önemli temsilcilerinden biri olan Martin Heidegger'in görüşlerine dayanmaktadır. Heidegger, ölümü, Dasein'in (varoluşun) yaşamını belirleyen ve hayata anlam kazandıran bir fenomen olarak ele alır. Heidegger, ölüm fenomenini hayatın bütünlüğünü ve anlamını sağlayan "zaman" kategorisiyle ilişkilendirerek açıklamaya çalışır. Bu bağlamda, "zaman" kategorisi, Dasein'in varlığını ortaya çıkarmada ve onun ölümle ilişkisini anlamada büyük bir öneme sahiptir. Ayrıca, bu çalışmada Heidegger'in Dasein ve ölüm analizini değerlendirme, tartışma, anlama ve açıklama süreçlerinde hermenötik ve fenomenolojik yöntemlere başvurulmuştur.

Anahtar Kelimeler: Heidegger, ölüm, Dasein, din felsefesi, varoluşçuluk

Кіріспе

XX ғасырдың ойлау жүйесінің қалыптасуы - философиялық ағым ретінде экзистенциализмнің дүниеге келуімен тығыз байланысты. Бұл кезең әдетте соғыс, дағдарыс, үмітсіздік, ауру, өлім секілді ұғымдармен еске түседі. Басқаша айтар болсақ, философия тарихында адамзаттың басын алып қашатын, болмысын адамдық парасаттылықтан ажырататын кезең ретінде сипатталады. Осы кезеңде модернизмнің өнімі болған адам, ішінде өмір сүріп жатқан әлеуметтік болмысты анықтау барысында өзінің индивидуалдық болмысының бар екендігін паш ете бастады (Margot, 2004: 211).

Саналы тіршілік иесі ретінде адам, өзінің шектеулі болмыс екендігін және күннің бірінде ажалдың торына түсетіндігін білуі оны терең пессимизмге жетелеуі мүмкін. Өлімнің адамзаттың өзгермейтін тағдыры екендігі, өлімнің адамзат санасында өзінің болмыс ретінде бар екендігіне деген алаңдаушылық пен жойылып кетуге деген қорқыныш тудыруы, (Türkyılmaz, 2003: 110) сонымен қатар өлім мен өмірдің бірге біртұтас ретінде қарастырылуы кейде оның бар болу себебіне қайшы келетін жағдай сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, өлім - туу секілді ол да табиғат құпияларының бірі екенін есте ұстаған жөн (Aurelius, 2020: 31). Сондықтан өлімді; өмірдің екінші бір жағы, яғни өмірдің арғы жағында тыс жатқан бір құбылыс ретінде қарастырған жөн (Ökten, 2016: 2). Ұйқы - адам үшін немесе кірпік қағу - көз үшін нені білдірсе, тура сол секілді өлім де тірі жан үшін сондай мағынаны білдіреді.

Өлімге қатысты философиялық зерттеу жасағанда алдымен оның қандай мақсатпен және қандай нәтижеге қол жеткізуге болатындығы турасында сұрақ қою қажет. Түптеп келгенде, өлімге қатысты зерттеу жасағандардың барлығы "өткен тарих пен өлімге шара жоқ" деген тоқтамға келеді. Алайда адам өткен шақты (тарихты, өткен құбылысты) өзгерте ала алмайды деген сөз, өлімге қатысты философиялық зерттеулер жасауға болмайды деген

сөз емес. Керісінше, өлімге қарсы шығар бір шара жоқ деген түсінік, адамды өлім туралы терең ойлануға, ізденуге, құбылысқа байыпты қарауға шақыруы тиіс. Осы бір ізденістің соңына түсіп, осы бір тақырыптың мәнін ашуға үлкен үлес қосқан ойшылдың бірі ол - Хайдеггер.

Өз заманында және бүгінде де есімі ерекше танылған Хайдеггер, өлім ұғымын қолға алғанда алдымен адам болмысын түсінуге тырысады. Философ адамды, адам деген не? сияқты мәселемен емес, оның болмыспен қандай байланысы бар деген мәселемен қолға алады. Осылайша Хайдеггер, адамды проблемаға айналдыратын процессті сипаттағысы келді және адамның проблемаға айналуына әкеп соқтыратын себептерді көрсетіп, адам болмысын ашуға жол тапқысы келді (Günay, 2010: 234). Тарихи тұрғыдан көз жүгіртсек тарихи интерпретациялар адамның экзистенциалды мағыналарын ашуға үлкен септігін тигізді. XX ғасырдың басында пайда болған «өмір философиясы» (La Lebensphilosophie) адам болмысына өзінің тұтастығымен қарады. Осы тұста Хайдеггер, өмір философиясының тамырын қалыптастыратын мағыналарды ерекше ашып көрсетеді. Ол бойынша болмыс - өмірге енетін нәрсе және өмір болмыс шеңберінде ғана жүзеге асады. Демек өмірдің мәніне жету, болмыстың мәніне жету деген сөз. Осы себепті Хайдеггер, алдымен болмыстың мәні туралы мәселені көтереді. Болмыстың мәні бар нәрседен көрінеді және бұл бар нәрсе кез-келген бар нәрсе емес. Өйткені тіршілік әлемінде көптеген, сан түрлі бар нәрселер бар. Болмыстың мәнін, болмысты түсінетін, оған сұрақ қоя алатын және болмыс туралы өзіне сұрақ қоя алатын адамнан бастау арқылы анықтауға болады. Өзіне өзін мәселе ретінде көрсететін болмысты «дазайн» деп атайды. Олай болса дазайн – өзімен бірге өлімді де тұтас қарастырады. Себебі, адам әлемінің ең маңызды құбылысы – бұл өлім. Өмірді өлімнен бөлек елестету мүмкін емес. Шындығына келгенде «бәрі өлімге тәуелді бола отырып, өмір сүреді». Адамның өз ішінен және әлемнен шығарып тастай алмайтын жалғыз шындығы да бұл өлім құбылысы. (Levinas, 2014: 30).

Неліктен өлім тақырыбы маңызды? Өлімнің дазайналды көрінісін ашу неліктен осы зерттеу жұмысының негізгі тақырыбына айналды? Хайдеггер бұл тұста өлімге экзистенциалды талдау жасайды. Себебі, өлімнің экзистенциалды талдауы; өлімнің биологиясын, психологиясын, теодицеясы мен теологиясын ашу тұрғысынан басымдыққа ие. Яғни, өлімнің экзистенциалды талдауы басқа ғылымдарға қарағанда әдістемелік тұрғысынан басым. Өйткені өлім (адам үшін өлім) оның онтологиялық түсіндірмесінен бөлек зерттелетін автономияға ие емес. Сонымен бірге, бұл өлімнің экзистенциалды талдауын және өлімге қарай өмір сүру мүмкіндіктерін қарастыру тұрғысынан бүкіл онтологиялық сараптаманың сипатында жатыр. Дазайннің толық мүмкіндіктерін ашатын кез ол - өлім орын алатын сәт. (Heidegger, 2011: 264).

Зерттеу барысында тақырыптың мақсаты мен тұжырымдамалық құрылымын терең зерделей отырып, біз Хайдеггердің тілінен туындаған қиындықтарды асып өтуге және оның ойларын түсіндіруге тырыстық. Сондай-ақ зерттеу жұмысының шекарасын айқындай отырып, Хайдеггерге байланысты жасалған зерттеу жұмыстарын қолдануға және өлімге қатысты жалпы мәтіндерге сілтеме жасауға тырыстық. Артынша дін философиясы саласында қолданылатын әдістерге жүгініп, кейбір әдістерді өзімізге жол картасы ретінде қолдандық.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысында Хайдеггердегі дазайн және өлім ұғымын түсіну және түсіндіру барысында герменевтикалық және феноменологиялық әдістерге жүгіндік. Сондай-ақ мақалада гуманитарлық ғылымдарда жиі қолданылатын салыстырмалы, онтологиялық, аксиологиялық және концептуалды талдау сынды әртүрлі әдістер қолданылды. Ғылыми зерттеуде Хайдеггердің «Болмыс пен уақыт» еңбегін басшылыққа ала отырып, өлім ұғымының экзистенциалистік сипатын және оның адам өміріндегі орны мен әсерін көрсетуге тырыстық.

Талдау мен нәтижелер

Философия тарихында философтар мен ойшылдар өлім турасында әртүрлі түсініктер мен анықтамаларды алға тартқан. Голландиялық философ Эразм өлім идеясын адам болмысын қалыптастыратын элемент ретінде сипаттап, "өмір - азап, ал өлуді - бұл зор мүмкіндік" (Erasmus, 2020: 118) дей келе, өлім құбылысын экзистенциалды философияның негізгі ұстындарының біріне айналдырды. Осылайша болмыс философиясымен бірге өлім құбылысының мәні мен маңызы одан әрі арта түсті (Tokat, 2018: 287). Нәтижесінде өлім, адамның өзіндік өмір философиясы мен болмысын анықтау нүктесінде экзистенциалды шындық, феномен ретінде жаңаша сипат алды. Өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі жүзеге асыру рөлін өз мойнына алған адам, өмір мен өлімнің ішінде өмір сүру үшін экзистенциялық бір күреске тап болды (Упамано, 2017: 119). Бұл күресте адам дәрменсіз, көмексіз және төзімсіз бір күйде себепсіз, жер бетіне тасталды. Сондықтан ол өзінің өмір сүруінің себебін білместен бірден болмыстың ішінен бір-ақ табады. (Wahl, 1999: 19). Бұл құбылыс адамның ерік-жігерінен тыс жүзеге асқандықтан (Heidegger, 2013b: 27), экзистенциалистік ой белгілі бір себепке байланбай тіке жерге лақтырылған адамды өзіне негіз етіп алды. Экзистенциалистік түсінік бойынша маңызсыз тіршілік иесі ретінде біз, ең жоғарыда Құдай орналасқан жоғары-төменнен тұратын иерархиялық жүйенің ішінен табылды. Бәріміз бұл дүниеге лақтырылған тіршілік иелері ретінде келгендіктен біздің қауіпсіздігімізге де нақты кепіл жоқ. Жалғыз білетін нәрсе бір күні емес, бір күні өлетініміз. Бұл жағдай барлық мүмкіндіктерді және бүкіл болашақты анықтайтын жалғыз құбылысқа айналды. Болашақ шектеулі және оның соңғы нүктесі бар. Бұл факт даусыз біздің тағдырымызды айқындайды. Сондықтан біз өз өміріміздің қауіпті екенін және бір күні оны жоғалтуымыз мүмкін екенін білеміз. Яғни, қолымыздағы жалғыз бар нәрсе – ол да біздің бар болуымыз, болмысымыз және оны кез келген уақытта жоғалтуымыз мүмкін. Міне, біздің өмір бойы іздеген, көксеген және оған қол жеткізуді көздеген болмысыз. Осыдан-ақ болмысымыздың қаншалықты шектеулі екендігін көруге болады.

Белгілі болғандай, бар болу мен жоқ болу, өмір мен өлім сынды қарама-қайшы ұғымдар әрқашан бір-бірі арқылы айқындалмақ, мәні ашылмақ. Сондықтан парадоксалды әдістің қажеттілігін алға тарта отырып, өлім мен өмірдің бірлігін қабылдап, өлімді болмыстың өмір сүруін тоқтататын құбылыс ретінде қарастырғаннан гөрі, біздің болмысымызды ашатын және болмысымызды сақтай алатын мүмкіндік ретінде бағалау аса пайдалырақ. Егер өлім құбылысы осы көзқарас негізінде қолға алынса, ол өмірді тәмамдайтын және толықтыратын, оны бірлік пен тұтастыққа жеткізетін, өмірге мән бітіретін және оның маңыздылығын ашатын құбылыс ретінде ортаға шығады. Мұндай көзқарас өлім туралы түсініктердің дамуына үлкен үлес қосып, адам болмысының мәні мен құндылығын аша түседі. Философияны өлімге дайындық ретінде көрген Сократтың атап өткеніндей, өлім құбылысын жоқ санап, философия жасау қиын әрі мағынасыз (Platon, 2015: 52). Ендеше өлімге қатысты қозғалған философиялық көзқарастарға қысқаша шолу жасағаннан кейін, негізгі тақырыбымыз болған Хайдеггердің өлім түсінігіне өтуге болады. Алдымен оның философиясындағы өлім ұғымының мәнін ашқан дазайнге тоқталып өтейік.

Хайдеггердің философиясында адам болмысы, дазайннің тарихи сапары кезінде онымен бірге жүретін жолсерік ретінде ортаға шығады (Nalbantoğlu, 1997: 44). Хайдеггер сапар шегу ұғымымен өмір сүретін ойшыл болғандықтан, ол өзінің «Болмыс пен уақыт» еңбегінде алдымен дазайннің тарихи сапарын терең зерттейді және адамдарға мен немін? мен кіммін? деген сұрақтарды қоюға, оның жауабын табуға мәжбүрлейді. Хайдеггердің бұл сапарында біз жолдың үнемі артта қалғандығына және жүрген сайын жаңа жолдың қалыптасқандығына көз жеткіземіз. Сондай-ақ Хайдеггер, бұл сапарында адамдарға үнемі жолдың басында жүруді және кез келген уақытта таң қалдыруға дайын екендігін көрсетеді (Тrawnny, 2016: 8). Өйткені бақыланатын сапар Хайдеггер үшін жат. Оның дамытқан ойлау тәсілінде көбірек бұл жолдың бізді қайда апаратындығына емес, осы жолда не істей

алатындығымызға баса назар аударады (Heidegger, 1998a: 2). Сондықтан бұл жолда қайдан келгеніміз белгісіз болғандықтан, қайда баратынымыздың да аса маңызы жоқ. Хайдеггер осы ойлау тәсілі арқылы батыстық ойлау жүйесінен тысқа шығады; ол әдеттерді бұзатын, жоятын, қабылдамайтын өмірді жылы қабылдайтын және өткір ұстанымдарды басшылыққа алатын философияны қалыптастыруды көздеді. Бүкіл ынта-жігерімен, жан-дүниесімен ден қойған Хайдеггердің бұл жолымен жүру үшін алдымен қабырғаларды бұзып, маскаларды алып тастау қажет. Сондай-ақ белгілермен белгіленген жолмен жүре отырып, құлау, теңселу сынды қауіп-қаперлерден сақтанған жөн.

Байқағанымыздай мистик ойшыл, философиясы қиын әрі түсініксіз, болмысы бұлыңғыр болып көрінетін Хайдеггер, модерн философиямен өзін-өзі жоғалтқан адамды сол жерден алып, экзистенциализм әлемінің ішіне тастайды. Оның пікірінше, Платон мен Аристотельден бастау алып, Декарт және Кантпен жалғасын тапқан философтар ақылды негізге ала отырып, адамды еркіндікке, азаттыққа ұластыруға талпыныс жасады. Бұл азаттық күш-жігері адамнан көп нәрсені алып тастады және сонымен қатар кейбір қиындықтарды тудырды. Адам мейлі өзінің ақыл-ойымен әрекет етсін әлде эмоцияларымен, қандай жағдай болғанда да оның алдында тұрған ең маңызды мәселе өзінің болмысының мәні болып табылады (Folscheid, 2015: 80). Себебі адам кейбір жағдайларда өзін болмыс ретінде бар деп көреді, ал кейбір жағдайларда ол өзін қабылдамай теріс айналады. Ал кейде ол өзін әр бір сәтте бар нәрсенің субъектісі немесе өлшемі ретінде көреді. Мұндай мәселелер мен келеңсіздіктер оны өзін-өзі ұмыттыруға, адасуға және тұрақсыздыққа әкелді (Folscheid, 2015: 148). Бірақ адамды еріксіз қоршап тұрған мұндай проблемаларды адамнан бөлек немесе оның табиғатына қайшы келетін жағдай ретінде қарастыруға болмайды, керісінше бұлар адам болмысының бар болуының және оның адам болу қажеттілігінің бір көрсеткіші. Басқаша айтқанда, бұларды өздігінен қалыптасқан көзқарастар негізінде қабылдаған жөн (Towarnicki, 2017: 34). Өйткені адам ет пен сүйектен жаратылған жаратылыс; туылатын, азап шегетін, өлетін, ішетін, жейтін, көңіл көтеретін, ұйықтайтын, көретін, есітетін, ойланатын және қалайтын (Unamuno, 2014: 17) болмыс болғандықтан оның бойында жақсы деп сипатталатын аспектілер болғаны тәрізді жаман аспектілер бар. Осыған орай латын театрының жазушысы адамның осы екі полярлығын келесі сөйлемдермен қысқаша былайша қорытындылады: "мен адаммын: адами болып табылатын нәрселер маған жат емес". Дәл осы нүктеде Хайдеггер өзінің «Болмыс пен уақыт» еңбегінде қиындық көрген және азап шеккен адамның тілімен адамдарға және олардың сезімдеріне үн қатады. Жайсыз бір әлемнің ішінде туындайтын мазасыздық пен қаңғыбастықтан әрекет ете отырып, ол адамның болмыс ретінде жоғалып кетуін (Nühnerfeld, 2005: 73) және күнделікті өмірдегі жұмбақтарының ашылуын терең зерттейді.

Хайдеггер өзіне дейінгі бүкіл антикалық болжамдардан тазарған жаңа бір философиялық жүйені орнатқысы келеді. Өзінің алдына қойған алғашқы сұрағы: "болмыс деген не?" және бұл сұрақ философияның негізгі сұрағы. Бұл сұраққа мәселенің иесі ғана жауап бере алады. Бірақ Хайдеггер: "адам деген не?" деген сұрақтың онтологиялық тұрғыдан әлі де толыққанды дұрыс жауабы жоқ деп санайды. Сондықтан адамды түсіну осы жаңа философиялық жүйенің, яғни Хайдеггер орнатқысы келген іргелі онтологияның бірінші міндеті. Хайдеггер адам туралы айтылған барлық болжамдардан арылу үшін адамның орнына дазайн терминін қолданды. *Da-sein*, ол жерде – бар болудан бөлек нәрсе емес. Бұл анықтаманы онтологиялық тұрғыдан түсіну үшін оны толығымен тұтастық және бүтіндік аясында қарастыру қажет. Басқаша айтқанда, дазайнді онтологиялық тұрғыдан түсіну үшін оның туылуы, сол жерде болуы және өлімімен бірге қарастыру керек.

Хайдеггер дазайнді әлемнен әрекет ете отырып, өзінің болмысын түсінген бір бар болу (болмыс) ретінде ашықтауға тырысады. Болмыс қатысты мәселенің ең негізгісі – дазайннің аналитикасы, өйткені дазайнді зерттеу бүкіл әлемді зерттеу деген сөз (Inwood, 2014: 37). Хайдеггердің пікірінше, дазайн - болмыс туралы сұрақтар қоя алатын бір бар зат (болмыс). Басқа субъектілерден айырмашылығы, дазайннің мәні белгілі бір әлемнің ішінде

бар болу күйімен анықталады. Дазайн өз болмысын өзі жасау және оған мән-мағына жүктеу арқылы ғана түсіне алады. Дазайн тек «адам болмысын» ғана емес, болмыстың мәнін зерттейтін және болмыспен саналы байланыс орнататын субъект ретінде қарастырылды. Осы қыры арқылы оның қарапайым адам түсінігінен өзгеше өлшемі бар екендігін аңғаруға болады. Осы бір ерекшеліктерге сүйене отырып, Хайдеггер дазайннің дүниедегі болмысын және бұл болмыс жағдайы жеке адамның өмірін қалай қалыптастыратынын түсінуге тырысты. Дазайннің философиялық мағынасын түсіну үшін, ең алдымен, сөздің этимологиялық шығу тегінен іздеу керек. Сөз этимологиясына келсек «Dasein» немістің «Da» (мұнда, сонда) және «Sein» (болмыс, бар болу) сөздерінің бірігуінен туындайды, яғни бұл «бар болу» немесе «осында болу» деген секілді мағыналарды береді. Хайдеггер осы бір күнделікті қолданыстан әрекет ете отырып, дазайнге терең философиялық мән-мағына жүктеді және оны философияның негізгі ұғымдарының біріне айналдырды.

Хайдеггердің философиясына интерпретация жасаған философтар жалпылама дазайн терминіне «бар болған болмыс» деген анықтама береді (Сүсеп, 2003: 39). Ал Инвуд, бұл ұғымның Хайдеггердің танымында дамып, өзгеріске ұшырағандығын айтады. «Ол жерде бар болған болмыс» дегенде бұл «орын» субъектінің өзіне тиесілі ерекше аймақ болып табылады. Яғни бұл аймақ болмыстың тікелей өзінің мәніне байланысты. Бұл түсінік дазайнді физикалық немесе кеңістіктік болмыс ретінде ғана емес, сонымен бірге болмыстың мәнін зерттейтін және өзін-өзі жүзеге асыру қабілетімен өзін анықтайтын тұжырымдама ретінде мағынасын аша түсті (Inwood, 2012: 42).

"Болмыс пен уақыт" атты еңбегінде Хайдеггер бастапқыда болмыстың мәнін зерттеуді назарға алады. Хайдеггердің пікірінше, болмыс мәселесі дұрыс шешілуі үшін алдымен болмыс мәселесіне сұрақ қоя білетін бар болудың өзі, яғни дазайннің өзі дұрыс зерттелуі тиіс. Дазайн болмыс туралы сұрақтар қою барысында ол өзінің бар болу сипатына, мәніне жақындай түседі. Байқағанымыздай философияның ең іргелі онтологиялық мәселесі болған болмысты тек феноменологиялық әдіс арқылы дұрыс зерттеуге зор мүмкіндік аламыз. Дазайнге феноменологиялық әдіспен қарау, герменевтикадан бөлек ештеңе емес. Философияның өзі дазайннің герменевтикасын бастапқы нүкте ретінде қабылдайтын әмбебап феноменологиялық онтология. Болмыстың аналитикасы ретінде дазайннің герменевтикасы барлық философиялық сұрақтарды қамтитын нұсқаулықтың ұшын, оның қайнар көзіне және оның адасып, қайта оралатын жеріне байлайды (Martin Heidegger, 1962: 62).

Хайдеггер дәстүрлі антропология негіздерінде жатқан "онтологиялық" анықтамаларды жеткіліксіз деп таниды. Бұл орынсыз, негізсіз онтологиялық дереккөздер адамды: I) ойлайтын жануар ретінде; II) Құдай жаратқан жаратылыстар ретінде танытады (Martin Heidegger, 1962: 74). Хайдеггердің терминологиясы бойынша бұл онтологиялық дереккөздер тек адамды таныту үшін қолданылады. Ал дазайннің анықтамасы, фундаментальды онтология арқылы ғана жүзеге асады. Осы тұрғыдан дазайннің өмір сүру режимдерін "дүниенің - ішінде - бар болу" деп аталатын болмыстық күйге сүйене отырып түсіндіруге болады (Martin Heidegger 2011: 55).

«Болмыстың және уақыт» еңбегінің бірінші бөлімінде көрсетілгендей, күтім жасау дазайннің жиынтық формасын береді. Дазайн өзі үшін бар және бұл дазайннің өмір сүру мүмкіндігімен және режимдерімен бірге түсіндіріледі (Martin Heidegger, 2011: 250). Дазайн заңдылығы бойынша үнемі үздіксіз бір нәрселер құрылып, қалыптасып отыруы қажет (Martin Heidegger, 1962: 279). Бұл нәрсе дазайн бар болған жағдайда ешқашан өзінің тұтастығына қол жеткізе алмайтын секілді көрінеді. Қарастырылып отырған тұтастық дазайн әлемде өмір сүруін тоқтатқанда, басқаша айтқанда, дазайн өлгенде ғана орнауы мүмкін (Martin Heidegger, 1962: 281), яғни дазайннің тұтастығы мәселесінде осындай қайшылықтар орын алады.

Өлім ұғымында да осындай қайшылық бар. Адам өз өлімін практикалық тұрғыдан қайта-қайта бастан кешіре алмайды. Яғни, өлім бір ақ рет басынан өткеретін жағдай. Бұл

факт Хайдеггердің іргелі онтологиясын өлім ұғымына қолдануға бола ма? деген сұрақ туғызады. Адам әрқашан басқалардың өліміне куә болады. Бірақ бұл айғақтар қайтыс болған адаммен бірге өлімді бастан кешіру деген сөз емес. Адам қайтыс болған адамның өлімімен ғана дазайннің дазайнге айналу құбылысына куә бола алады. Осы құбылыстың арқасында дазейннің объективті анықтамасын беруге болады. Бірақ бұл анықтама іргелі онтология үшін ешқандайда жеткілікті болмайды. Осылайша, Хайдеггерде өлімді өлім ретінде экзистенциалды концептуализациялау мүмкіндігі ғана қалады (Martin Heidegger, 1962: 284).

Бұл концептуализация шектік және тұтастық ұғымдарын экзистенциал ретінде түсіндіру арқылы мүмкін болады. Бірақ шектік және тұтастық ұғымдары дедукциямен емес, дазайнге сілтеме жасау арқылы түсіндіріледі. Бұл түсініктемеге сәйкес, дазайн әлі-болмаған режиміне жатады (Martin Heidegger, 2011: 257). Дазайннің әлі-болмағаны бір-біріне тиесілі заттардың әлі бірікпегендігін көрсетеді (Martin Heidegger, 1962: 286). Ал шектік болса әрқашан сұраныстың қанағаттандырылғанын білдірмейді. Хайдеггер өлім үшін қолданғанда шектік ұғымын дазайннің шегі, соңы мағынасында емес, соңына қарай жылжи отырып, өмір сүру, бар болу мағынасында қолданады (Martin Heidegger, 1962: 289).

Өлімге қарай жылжи отырып, бар болу - бұл дазайннің негізгі режимі. Өлім, дазайннің кез келген жағдайда өзімен бірге жанында алып жүруге тиісті болмыс-мүмкіндігі (Martin Heidegger, 1962: 293-294). Осы тұрғыда күтім жасау, өлімге-қарай-бар болудың ішінде өзінің ең алғашқы бейнесін табады және оны іске асырудың арқасында дазайн онсызда бұрыннан бар екендігін көрсетеді (Martin Heidegger, 2011: 265).

Аңғарғанымыздай Хайдеггерде өлім мен болмыс бір-бірімен тығыз байланыста. Бар нәрсенің тұтас болу мүмкіндігіне байланысты анализ, дазайннің бар болу мүмкіндігінің шынайылығы мен тұтастығы ішінде экзистенциалды түрде ортаға шығады. Бұл кемеліне жетпеген күй әлемдегі болмыстың міндетті шарты болып табылады. Дазайн, өмірге келуімен бірге дүниеге лақтырылды және өзінің бойында өмір сүру мүмкіндіктерін жүзеге асырды. Бірақ әлемде болмыс болудың жоққа шығара алмайтын мүмкіндігі ол – жоқ болу, біту, аяқтау. Өлім - бұл дазайннің толықтығы және болмыстың жиынтығы. Өзі өлімге лақтырылған, өлімге қарай бет алған дазайн - өзінің өмір сүру мүмкіндігін жүзеге асыруға бағытталған болмыс.

Хайдеггер дазайнді өзінің шегі мен соңының бар екендігін білетін және осы соңғы нүктені өлімге қарай апаратын жол ретінде таниды (Heidegger, 1982: 9). Осылайша ол, неміс ойлау жүйесіндегі өнер мен философияның біртұтас құрылымын өз ойларымен үйлестіре отырып, өлімді адам болмысы тұрғысынан негіздеп, түсіндіруге тырысады. Бұл бағытта феноменологиялық әдісті қолдана отырып, ол кейбір терең талдаулардың нәтижесінде өлімді экзистенциалды әлемге тасыды.

Хайдеггердің ойлау жүйесінен өлім құбылысының және адамның жеке өлімінің қаншалықты ерекше мәнге ие екендігін көруге болады. Себебі, ол өлімді табиғи құбылыстан гөрі дазайннің негіссіз болмыс тәсілінен нақтылыққа өтуіне мүмкіндік беретін алғашқы қадам ретінде сипаттайды. Дазайннің өз өлімімен бетпе-бет келуі оның өзімен жүздесуіне және күнделікті өмірден ажырауына алып келді. Сондықтан өлім Хайдеггердің философиясында дазайннің бар болуына мүмкіндік беретін құбылыс ретінде маңызды орын алады.

Экзистенциалист философ Хайдеггер өлім мен дазайн ұғымын талдау барысында өлімді, өмірді қалыптастырушы және оған мазмұн беруші бір мүмкіндік ретінде қарастырады. Ал, дазайнді жоғарыда атап өткендей өлімге қарай жол тартқан бір болмыс ретінде сипаттайды. Хайдеггер дазайннің бар болған жағдайда үнемі бір жеткіліксіздіктің орын алатындығын және бұл кемшіліктерді толықтырмай оның жүзеге аспайтындығын алға тартады. Онсыз да дазайннің негізінде толықсыздық (кемелсіздік) жатыр. Демек, толықсыздық (кемелсіздік) Хайдеггер үшін бар болу тұрғысынан жеткіліксіздікті (кемшілікті) білдіреді. Дазайн өзінің болмысы тұрғысынан жеткіліксіздіктен арылған

(кемшілігі жоқ) бір болмысқа ұласқанда, енді ол бұл жерде жоқтықпен тең дәрежеде болады. Болмыстың жеткіліксіздіктен (кемшіліктен) арылуы дазайннің жоқ екенін білдіреді. Демек, дазайн бар болған жағдайда ешқашан өзінің толықтығына (кемелдігіне) жете алмайды. Ол толықтығына (кемелдікке) жеткенде, ол осы дүниеде болмыстың жоғалуына алып келеді (Heidegger, 2018: 356). Хайдеггердің дазайннің негізінде бірдеңе жетіспейтіні туралы мәлімдемесі шын мәнінде болмыстың өзіне тиесілі нәрсенің жоқтығын көрсетеді және бұл жетіспеушілік өлім деп көрсетілген (Levinas, 2014: 40).

Байқағанымыздай Хайдеггердің өлімге жақын тіршілік иесі ретінде сипаттаған дазайн анализі, бізге оның негізінде үнемі бір жеткіліксіздіктің бар екендігін және бұл жеткіліксіздікке дазайннің соңы (бітуі) деп сипатталатын өлімді жатқызатындығын көрсетеді. Дазайннің бар екендігін қуаттайтын бұл соң (біту), оның толықтығын (кемелдігін) айқындайды. Хайдеггердің айтуынша, әрқайсымыздың өмір сүріп жатқан күнделікті өмірде объектілер әлеміне байланысты жеке болмысымыз жоқ, тіпті өз болмысымыз әлі қалыптаспаған. Біз қоғамдық ортада, өзге адамдардың және достардың арасында өмір сүріп жүрген қоғамның бір мүшесіміз және әрқашан кемелдікке жетпеген (толық емес) тіршілік иесі ретінде қоғам өміріне қатысамыз. Бұл жетіспеушілікті жою және толықтыққа (кемелдікке) жету біз өлім құбылысымен жүздесіп, онымен байланысқа түскен кезде ғана мүмкін болады. Сондықтан дазайннің толықтығы (кемелдігі) оның өлімін қамтуы тиіс. Алайда, өлім орын алғанда бұл толықтыққа (кемелдікке) қол жеткізу екі талай. Өйткені, жоғарыда айтып өткеніміздей, дазайннің өлімінің орын алуы бір жағынан оның жоғалып кетуін білдіреді. Басқаша айтқанда, бұл дазайннің бұл дүниеде болмыс ретінде жоқ болуын білдіреді. Бұл дазайннің толықтығына (кемелдігіне) жету үшін жеткіліксіз. Дазайннің өліммен бірге толықтыққа (кемелдікке) жетуі деген сөз, оның бұл жерде өзін жоғалтуы дегенді білдіреді. Бұл нәрсе дазайннің тәжірибе мен түсіну мүмкіндігінен алыстауына себеп болады. Сондай-ақ, басқалардың дазайні де өліммен бірге толықтыққа (кемелдікке) ұласқан кезде, ол әлемде болмысын жоғалта отырып, дазайнсіз күйге өтеді. Басқаша айтқанда, бар нәрсенің дазайн ретінде жоғалуы (бітуі, соңы) оның болмысының бастауы болып табылады.

Дазайн үшін басқалардың өлімі - құбылысты түсінуге көмектеседі, алайда бұл біреудің өлімін көрумен ғана шектеледі. Біз басқалардың өліміне куә болған кезде, бұл дазайннің бұдан былай дазайнсіздікке көшуін білдіреді. Өліммен бірге болу бір әлемде әрқашан бірге болуды білдіретіндіктен, соңында қалғандар да өз әлемімен, яғни өліммен бірге бола алады. Бірақ біз басқа біреудің өлімін ешқашан толық, шынайы сезіне алмайтынымызды, тек онымен бірге бола алатынымызды ғана есте ұстауымыз керек. Сондықтан біреудің өлімін онымен бірге болу арқылы түсіну мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда, басқа біреудің өліміне куә болу өз өлімімізді барынша драмалық түрде ашуға көмектеседі (Ökten, 2006b: 44).

Хайдеггер үшін өлімнің бар болу мүмкіндігінің бірі - оны кең мағынадағы өмір құбылысы ретінде сипаттауы және өмір де өзін әлемнің ішінде бар болуға тиісті бір болмыстың түрі ретінде қарастыруы. Бұл мәселеде Хайдеггер бір тірі жанның өлімге деген қатынасы мен адамның, яғни дазайннің өлімге деген қатынасын бөліп қарастырады. Оның пікірінше, адамнан тыс басқа тіршілік иелерінің бар болуы мен адамның бар болуы арасында қандай айырмашылық бар болса, бұлардың өлімі де әртүрлі болады. Хайдеггер осы айырмашылықтарды көрсете отырып, тіршілік иелерінің жанының үзілуін терминологиялық тұрғыдан жойылу десе, дазайннің өлімін басқа тіршілік иелерінен бөлек қарастырады. Себебі, оның пікірінше, дазайн жай, қарапайым түрде жоғалып кететін нәрсе емес. Сондықтан ол оның өлімін «өмірмен қош айтысты» дейді (Heidegger, 2018: 370). "Адамдар өлетін болмыс. Оларды өлетіндер деп атайды, өйткені олар өлу мүмкіндігіне ие (Heidegger, 1954: 177). Ал, "дазайн ешқашан құрып, жоқ боп кетпейді", ол жәй өз өмірімен қош айтысады. Дазайн өлгенше ғана өз өмірін жоғалтуы мүмкін. Қысқаша айтқанда, өлу - бұл дазайннің өз өліміне қарай өмір сүру тәсілі (Heidegger, 2018: 371).

Хайдеггер өлімді дазайннің бар болу тәсілі ретінде айқындай отырып, ол сонымен бірге өлімнің дазайннің бар болған сәтінен бастап қабылдайтын болмыс тәсілі екендігін алға тартады. Мұны философ былайша ақтарады: "бір адам өмір сүріп бастаған сәтте-ақ, ол өлуге дайын жаста болып табылады." (Heidegger, 2018: 368-369). Шынында да, адам өз денесінде өмір сүре бастаған сәттен бастап өлімге тәуелді және өлімнің кез-келген сәтте саған жақындамайтындығына ешқандай кепіл жоқ (Ökten, 2016: 141). Басқаша айтқанда, өлім дүниеге келген сәтте бізбен бірге дүниеге келеді. Біздің өміріміздің әр қадамы өліммен сабақтасқан, бір аяғымыз үнемі өлімнің алқабында (Malpas ve Solomon, 2017: 176).

Хайдеггер өлімді дазайннің ең маңызды мүмкіндігі және өмір сүруді қамтамасыз ететін ең ішкі мүмкіндік ретінде сипаттай отырып, (Heidegger, 1984: 101) ол өлімнің өзіне тән бірқатар бірегей мүмкіндіктері туралы сөз қозғайды. Осы мүмкіндіктердің ішіндегі ең маңыздысы - дазайннің өлімімен бірге өз болмысын да ол жерде мәселе ретінде қарауы. Дазайннің соңына жетудің экзистенциалды мәні де оның өзінен туындайды. Мұндай соңына жетудің мәнін толық ашу үшін тезисті келесідей тұжырымдауға болады:

1. Дазайн бар болған жағдайда әрқашан оған әлі болмаған және болашақта болу мүмкіндігі бар барлық нәрсе тиесілі (тұрақты жетіспеушілік)

2. Соңына әлі жетпеген нәрсенің соңына ұласуы бұдан былай дазайнсіздік сипатына ие болады. (Жетіспеушілікті актив ретінде жою)

3. Соңына жету бір дазайннің ешқашан алмастыра алмайтын болмыс түрін өз ішінде алып жүреді (Heidegger, 2018: 364).

Хайдеггер дазайннің кемел еместігі, жеке басымдылыққа ие болмағандығымен немесе әлі қол жетімді бола қоймағандығымен сипатталмайды (Heidegger, 2018: 364). Сондай-ақ, Хайдеггер, дазайн өлім үшін, ал өлім дазайн үшін деген идеяға сүйене отырып, дазайннің өмір сүру кезінде-ақ өлгендігін алға тартады. Осылайша, ол өліммен барлық нәрсенің бітпейтіндігін, себебі өлім жоқтықты білдірмейтіндігін айтады. Өлімді жоқтық деп қабылдайтын Хайдеггер, оны мүмкіндіктің есігі ретінде түсіндіреді және кемелдікке өліммен жетуге болады деп санайды. Дін философиясында бұл мүмкіндіктің не екеніне немесе оның қалай жүзеге асырылатынына емес, оның не емес екеніне баса назар аударылады. Сондықтан Хайдеггер, өлімді тұйық шеңбердің ішіне кіргізіп, мүмкіндіктер мен мүмкін еместіктер тізбегіне жататын буынның бір бөлігін ғана көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, Хайдеггердің философиясында белгісіздік, айқынсыздық басым. Егер бұл белгісіздік жойылғанда, мүмкін Хайдеггер бүгінгідей атақты ойшыл ретінде танылмас еді. Хайдеггер үшін белгілі болған жалғыз нәрсе - өлімнің өмірмен байланыс құруы. Бұл байланыс, өлімді өмір құбылысы ретінде қарастыруға және өмірді қалыптастырушы элемент ретінде қабылдауға себеп болды.

Аңғарғанымыздай, мақаламызға арқау болған Хайдеггердің атақты еңбегі «Болмыс пен уақыт» болмыстың мәніне баса назар аударған. Болмыстың мәні дазайнде көрінеді. Болмыстың мәнін ашу жолы дазайнді талдау арқылы жүзеге асады. Дазайнді талдау, болмыстың тарихилығын ашып, уақытпен байланысын көрсету деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда, уақыт дазайннің үш қырын білдіреді. Олар, өткен-фактілік, қазіргі-кішірейтілген, болашақ-экзистенциалды. Бұл жерде өлім бізге оның болашақ келбетіне, яғни тікелей экзистенциалды келбетіне байланысты мүмкіндік ретінде көрінеді. Болмыстың мәніне байланысты сұрақ, дазайнді талдаудың арқасында философиялық антропологияға және өлімнің орталық құндылыққа ие болуына байланысты өлім философиясына жол ашты. Хайдеггердің пікірінше, өлімді емес, өмірді ойлау, Спинозаның сөзімен айтқанда, «үміт пен болашақ жайында ойлау» дегенді білдіреді" (Wahl, 1999: 44).

Қорытынды

Философия, әдетте сырттан қарағанда, абстрактілі, тек тұжырымдамалардан тұратын немесе өмірмен байланысын үзіп, үңгірде қалып қойған философтардың адамдарды ойландыруға тырысқан теориялық пайымы сияқты қарастырылады. Дегенмен, философия

адамның өз болмысының мәні мен мәселелерін қозғайтынын және осы мәселелердің алдында қандай ұстанымдарды ұстау керектігін білетін ғылым саласы екендігін философия тарихынан алуан түрлі мысалдармен көруге болады. Осы мәселелердің бірі – өзінің экзистенциялық сипатының бар немесе жоқтығы мәселесі үнемі тартысылып келген өлім құбылысы. Өмірдің мәні мәселесімен тікелей байланыста болуы оның экзистенциялық мәселе екендігін айқындайды. Өлім әдетте өмірден бөлек, жатсынған, еленбейтін бір құбылыс ретінде қарастырылса, Хайдеггер оны өмір құбылысы және өмірді қалыптастыратын маңызды элемент ретінде жаңадан ортаға қойды. Біз де өлетінімізді және күн өткен сайын өлімге жақындай түсетін тіршілік иесі екенімізді біле отырып, өлімді жіті зерттеп түсінген және болмыстың мәніндегі өлімнің рөлін өте жақсы ашып көрсете білген ойшылдардың бірі ретінде Хайдеггерді және оның философиясын зерттеу нысаны етіп алдық. Алдымен Хайдеггердің өлім туралы идеясын ашу үшін оның «*Болмыс пен уақыт*» еңбегіне сүйене отырып, бұл құбылысты қалай бағалайтынын және мына өмірдің ішінде өлімді қалай орналастырғандығын ашып көрсетуге тырыстық.

Белгілі болғандай, Хайдеггердің өлім туралы көзқарастары, оның болмыс идеясына негізделген. Оның айтуынша, өлім кең мағынада өмір құбылысы болып табылады. Егер біз «адам өмірінен» сөз ететін болсақ, онда сөзсіз өлім ұғымы ортаға шығады. Өлім - бұл дүниеде болуға тиісті заңды құбылыс. Осы тұста ортаға шығатын маңызды нәрсе - дазайнның онтологиялық өлімінің экзистенциалды талдауы. Әлемдегі тіршілік иелерінің бәрі тең күйде өлімге бағытталған. Дазайн, бір болмыс мүмкіндігі ретінде өлім мүмкіндігін ешқашан түсіндіре алмайды. Осы себепті, өлім - әркімнің басына келетін нәрсе. Өлім - дазайнның өз мойнына алуға тиісті бір болмыс мүмкіндігі. Бұл дегеніміз, дазайн өзімен жалғыз қалған болмыс мүмкіндігіне ие, өлімді теріске шығармайды. Сонымен қатар ол басқа да дазайндармен болған байланыстарын үзеді. Осылайша өлім - жеке, дара, байланысын үзген, түсіндіре алмайтын ерекше бір құбылыс ретінде ортаға шығады.

Жалпылама Хайдеггердің өлім мәселесіне қатысты көзқарастарын былайша қорытындылауға болады. Өлім - бұл дазайнның мәндік әлемінен бөлінбейтін жиынтық. Дазайнның өмір сүруінің негізгі заңдылығы - оның әлемде болуы. Дазайнның мәні – экзистенция (болу мүмкіндігі ретінде болмыс). Экзистенция дазайнның бар болу мүмкіндігін анықтайды.

Бұл зерттеудегі біздің басты мақсатымыз Хайдеггердің философиясына сүйене отырып, адамның өлім құбылысы арқылы өмір сүріп жатқан мына әлемдегі өз орны мен ұстанымдарын анықтау және өлімнің осы зерттеу жұмысындағы орны мен рөлін көрсету болды. Өлімнің адам табиғатының өзгермейтін тағдыры екендігі және өмірдің де өлімді қажет етуі, бізге бар болудың мүмкіндігін көрсетеді. Өлімнің адамның басынан өткеретін ең шешуші, қаша алмайтын және жалғыз ақиқат екендігі оны барлық адамдар үшін болмыстың міндетті салдары ретінде қарастыруға итермелейді. Өйткені бар болу, өмір сүру өлімділікті қажет етеді. Нақтырақ айтқанда, өлімге үміткер бола отырып, онымен үйлесімді өмір сүру деген сөз. Сондықтан өмір сүру дегеніміз - өлімге сәйкес өзін-өзі орнықтыру және өлімнің ішінде өзін-өзі қалыптастыру деген сөз. Осы бір күйімен өлім, ешқашан қашып құтыла алмайтын өмірдің негізгі феноменіне айналды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Aurelius, M. (2020). *Kendime Düşünceler*. Y. Emre Ceren (çev.), İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 288.
- Çüçen, A. K. (2003), *Heidegger’de Varlık ve Zaman*. Bursa: Asa Yayınları. – 220.
- Erasmus, D. (2020). *Deliliğe Övgü*. Yücel Sivri (çev.), İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 152.
- Folscheid, D. (2015). *Felsefe Akımları*. Muna Cedden (çev.), Ankara: Dost Kitabevi Yayınları. – 157.
- Günay, M. (2010). *Felsefe Tarihinde İnsan Sorunu*. Adana: Karahan Kitabevi. – 260.

- Heidegger M. (1982). Fenomenolojinin Temel Sorunları. Albert Hofstadter (çev.), New York: Indiana Üniversitesi Yayınları. – 163.
- Heidegger M. (1984). Erken Yunan Düşüncesi Batı Felsefesinin Yıkılışı. David Farrell ve Frank A. Capuzzi (çev.), San Francisco: Harper Collins Yayıncıları. – 304.
- Heidegger, M. (1954). Das Ding, in: ders. Pfullingen: Vorträge und Aufsätze. – 447
- Heidegger, M. (1998a), Tekniğe İlişkin Soruşturma. Doğan Özlem (çev.), İstanbul: Paradigma Yayınları. – 85.
- Heidegger, M. (2013a). Hümanizm Üzerine. Yusuf Örnek (çev.), Ankara: Türkiye Felsefe Kurumu Yayınları. – 112.
- Heidegger, M. (2018). Varlık ve Zaman. Kaan H. Ökten (çev.), İstanbul: Alfa Yayınları. – 640.
- Hühnerfeld, P. (2006). Heidegger Bir Filozof, Bir Alman. Doğan Özlem (çev.), İstanbul: İnkılap Kitabevi Yayınları. – 150.
- Inwood, M. (1999)., A Heidegger Dictionary, Blackwell Publishers, Massachusetts, Metin Bal (trans.), Konya: Özne Dergisi Heidegger Özel Sayısı, S. 16, 2012. - s. 320.
- Inwood, M. (2014). Heidegger. Nursu Örgen (çev.), Ankara: Dost Kitabevi Yayınları. – 204.
- Levinas, E. (2014). Ölüm ve Zaman. (N. Başer, Çev.) İstanbul: Ayrıntı Yayınları. – 141.
- Malpas, J. & C. R. Solomon. (2017). Death and Philosophy. Nur Küçük (trans.), İstanbul: İthaki Publications. – 224.
- Margot, F. (2004). 20. Yüzyıl Filozofları. (A. Kanat, Çev.) İzmir: İlyas Yayınevi. - 389.
- Martin Heidegger, Being and Time, trans. John Macquarrie ve Edward Robinson, (Oxford: Blackwell Publishing, 1962). – 294.
- Martin Heidegger, Varlık ve Zaman, çev. Kaan H. Ökten, 2. Basım (İstanbul: Agora Kitaplığı, 2011). – 488.
- Nalbantoğlu, H. Ü. (1997). Patikalar Martin Heidegger ve Modern Çağ. Ankara: İmge Yayınları. – 229.
- Ökten, H. K. (2006a). Heidegger Kitabı. İstanbul: Agora Yayınları. – 343.
- Ökten, H. K. (2016). Ölüm Kitabı. İstanbul: Agora Yayınları. - 288.
- Platon. (2015). Phaidon. Furkan Akderin (çev.), İstanbul: Say Yayınları. – 136.
- Tokat, L. (2018). Din Felsefesi. Ankara: Bilimsel Araştırma Yayınları. – 392.
- Towarnicki, F. D. (2017). Martin Heidegger Anılar ve Günlükler. Zeynep Durukal (çev.), İstanbul: Yapı Kredi Yayınları. – 122.
- Trawny, P. (2016). Martin Heidegger Eine Kritische Einführung. Frankfurt am Main: Vittorio Klostermann. – 244.
- Türkyılmaz, Ü. (2003). Albert Camus'nün Caligula'sında Yaşam Ölüm Diyalektiği. Ankara: Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih Coğrafya Fakültesi Dergisi, 43(2). 109-118.
- Unamuno, M. D. (2014). Hayatın Trajik Duygusu. Mehmet S. Şener (çev.), İstanbul: Divan Kitap Yayınları. – 344.
- Unamuno, M. D. (2017). Günlükler. A. Burak Zeybek (çev.), İstanbul: Sel Yayınları. – 140.
- Wahl, J. (1999). Varoluşçuluğun Tarihçesi. Bertan Onaran (çev.), İstanbul: Payel Yayınları. – 82.

REFERENCES

- Aurelius, M. (2020). Kendime Düşünceler [Thoughts to Myself.]. Y. Emre Ceren (çev.), İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 288. (In Turkish).
- Çüçen, A. K. (2003), Heidegger'de Varlık ve Zaman [Being and Time in Heidegger]. Bursa: Asa Yayınları. – 220. (In Turkish).
- Erasmus, D. (2020). Deliliğe Övgü [In Praise of Madness]. Yücel Sivri (çev.), İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. – 152. (In Turkish).
- Folscheid, D. (2015). Felsefe Akımları [Currents of Philosophy]. Muna Cedden (çev.), Ankara: Dost Kitabevi Yayınları. – 157. (In Turkish).
- Günay, M. (2010). Felsefe Tarihinde İnsan Sorunu [The Human Problem in the History of Philosophy]. Adana: Karahan Kitabevi. – 260. (In Turkish).
- Heidegger M. (1982). Fenomenolojinin Temel Sorunları [The Basic Problems of Phenomenology]. Albert Hofstadter (çev.), New York: Indiana Üniversitesi Yayınları. – 163. (In English).

- Heidegger M. (1984). Erken Yunan Düşüncesi Batı Felsefesinin Yıkılışı [Early Greek Thinking The Down of Western Philosophy]. David Farrell ve Frank A. Capuzzi (çev.), San Francisco: Harper Collins Yayıncıları. – 304. (In Turkish).
- Heidegger, M. (1954). Das Ding, in: ders. Pfullingen: Vorträge und Aufsätze. – 447. (In German).
- Heidegger, M. (1998a), Tekniğe İlişkin Soruşturma [An Investigation into the Technique]. Doğan Özlem (çev.), İstanbul: Paradigma Yayınları. – 85. (In Turkish).
- Heidegger, M. (2013a). Hümanizm Üzerine [On Humanism]. Yusuf Örnek (çev.), Ankara: Türkiye Felsefe Kurumu Yayınları. – 112. (In Turkish).
- Heidegger, M. (2018). Varlık ve Zaman [Being and Time]. Kaan H. Ökten (çev.), İstanbul: Alfa Yayınları. – 640. (In Turkish).
- Hühnerfeld, P. (2006). Heidegger Bir Filozof, Bir Alman [Heidegger is a Philosopher and a German]. Doğan Özlem (çev.), İstanbul: İnkılap Kitabevi Yayınları. – 150. (In Turkish).
- Inwood, M. (1999)., A Heidegger Dictionary, Blackwell Publishers, Massachusetts, Metin Bal (trans.), Konya: Özne Dergisi Heidegger Özel Sayısı, S. 16, 2012, - s. 320. (In Turkish).
- Inwood, M. (2014). Heidegger. Nursu Örgü (çev.), Ankara: Dost Kitabevi Yayınları, – 204. (In Turkish).
- Levinas, E. (2014). Ölüm ve Zaman [Death and Time]. (N. Başer, Çev.) İstanbul: Ayrıntı Yayınları. – 141. (In Turkish).
- Malpas, J. & C. R. Solomon. (2017). Death and Philosophy. Nur Küçük (trans.), İstanbul: İthaki Publications. – 224. (In Turkish).
- Margot, F. (2004). 20. Yüzyıl Filozofları [The Philosophers of the Century]. (A. Kanat, Çev.) İzmir: İlya Yayınevi. - 389. (In Turkish).
- Martin Heidegger, Being and Time. trans. John Macquarrie ve Edward Robinson, Oxford: Blackwell Publishing, 1962. – 294. (In English).
- Martin Heidegger, Varlık ve Zaman, çev. Kaan H. Ökten, 2. Basım (İstanbul: Agora Kitaplığı, 2011). – 488. (In Turkish).
- Nalbantoğlu, H. Ü. (1997). Patikalar Martin Heidegger ve Modern Çağ [The paths are Martin Heidegger and the Modern Era]. Ankara: İmge Yayınları. – 229. (In Turkish).
- Ökten, H. K. (2006a). Heidegger Kitabı [The Heidegger Book]. İstanbul: Agora Yayınları. – 343. (In Turkish).
- Ökten, H. K. (2016). Ölüm Kitabı [The Book of Death]. İstanbul: Agora Yayınları. - 288. (In Turkish).
- Platon. (2015). Phaidon [Phaidon]. Furkan Akderin (çev.), İstanbul: Say Yayınları. – 136. (In Turkish).
- Tokat, L. (2018). Din Felsefesi [Philosophy of Religion]. Ankara: Bilimsel Araştırma Yayınları. – 392. (In Turkish).
- Towarnicki, F. D. (2017). Martin Heidegger Anılar ve Günlükler [Martin Heidegger Memoirs and Diaries]. Zeynep Durukal (çev.), İstanbul: Yapı Kredi Yayınları. – 122. (In Turkish).
- Trawny, P. (2016). Martin Heidegger Eine Kritische Einführung. Frankfurt am Main: Vittorio Klostermann. – 244. (In German).
- Türkyılmaz, Ü. (2003). Albert Camus'nün Caligula'sında Yaşam Ölüm Diyalektiği [The Dialectic of Life and Death in Albert Camus's Caligula]. Ankara: Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih Coğrafya Fakültesi Dergisi, 43(2). 109-118. (In Turkish).
- Unamuno, M. D. (2014). Hayatın Trajik Duygusu [The Tragic Feeling of Life]. Mehmet S. Şener (çev.), İstanbul: Divan Kitap Yayınları. – 344. (In Turkish).
- Unamuno, M. D. (2017). Günlükler [Diaries]. A. Burak Zeybek (çev.), İstanbul: Sel Yayınları. – 140. (In Turkish).
- Wahl, J. (1999). Varoluşçuluğun Tarihçesi [The History of Existentialism]. Bertan Onaran (çev.), İstanbul: Payel Yayınları. – 82. (In Turkish).